**Қазақстан Республикасының шет ел кредиттерін өтеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 шілде 1994 ж. N 855

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының шет ел кредиттері бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі төтенше шаралар туралы" 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1814 қаулысын орындау үшін және шет ел кредиттерін өтеу жөніндегі төлемдердің өтелмеуі мен оның ілеспе шығындарының төленбеуі салдарынан қалыптасқан қиын жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының міндеттемелері мен шет ел кредиттері бойынша жинақталып қалған берешектер жөнінде қосымшаға сәйкес төлем жасасын.

2. Қазақстан Әлем Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредиттердің төлем реквизиттерін берсін.

3. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген импортшы-ұйымдар бюджетке жүктелген төлемдерді толық көлемінде қайтаруға және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті берген кепілдіктер бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 10 күн мерзім ішінде кредиттік келісім жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен Қазақстан Әлем Банкі кредитіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті берген кепілдіктер бойынша және Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Қайта жаңарту және Дамыту Банкі алдындағы мүшелік жөніндегі ережеге сәйкес міндеттемелері бойынша төлем жасауға қосымша кредит алу үшін келісім жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі кредит келісімдері қолданылатын барлық кезеңде негізгі борыштар мен ілеспе банк шығындарын өтеу көздерін анықтасын.

Үкімет шешімдерін талап ететін мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Ұлттық банктің қатысуымен:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігіне алынған шет ел кредиттерінің мақсатты пайдалану мен қамтамасыз етілуі мәселелері бойынша қарыз алған кәсіпорындарға 1994 жылғы 1 қыркүйекке дейін тексеру жүргізсін;

- берешек-кәсіпорындардың, өздері алған шет ел кредиттерін қайтаруды қамтамасыз ете алмаған, сондай-ақ осы қарыз алушыларға қызмет көрсететін банктер басшыларының жауапкершілігін қарасын.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 855 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының міндеттемелері және шет ел кредиттері бойынша жинақталып қалған берешектер жөнінде Төлемдер

| Импортшы-ұйымдар | Сомасы | |
|---|---|---|
| | валютамен төлеу | АҚШ долларымен |
| 1 | 2 | 3 |
| I-бөлім. Үкімет шешімдерімен бюджетке жүктелген төлемдер | | |
| 1. Германия кредит желісі (неміс маркасы) | | |
| "Қазақстан" СЭҚ | 4478098,78 | 2946117,58 |
| "Агросауда" МССК | 499680,40 | 328737,11 |
| "Тағам" МАК | 303487,19 | 199662,63 |
| Жиыны: | 5281266,37 | 3474517,32 |
| 2. Австрия кредит желісі (австрия шиллингі) | | |
| Австриядағы Қазақ Сауда Үйі | 9781530,42 | 895254,39 |
| 3. Европа Қоғамдастығының комиссиясы (ЭКЮ) | | |
| "Отырар" МССК | 727608,93 | 894958,99 |
| 4. Түрік кредит желісі (АҚШ доллары) | | |
| "Қазпищепромсырье" РССБ | 86921,24 | 86921,24 |
| "Отырар" МССК | 3109186,46 | 3109186,46 |
| Жиыны: | 3196107,70 | 3196107,70 |
| 5. Израиль кредит желісі (АҚШ доллары) | | |
| "Қазақстан" СЭҚ | 2064408 | 2064408 |

6. Қытай кредит желісі (швейцария франкі)

| | | |
|---|---|---|
| "Тағам" МАК | 3443750 | 2628816 |

1-бөлім бойынша барлығы: 13154062,40

II-бөлім. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті берген кепілдіктер бойынша төлемдер

1. Германия кредит желісі (неміс маркасы)

| | | |
|---|---|---|
| "Павлодартрактор" МК | 1954468 | 1285834,21 |
| "Қазжелдорснаб" МКК | 4484906 | 2950596,05 |
| АСНТА (Құрылысфарфор) | 307341 | 202198,03 |
| "Прибор-Алматроникс" ҒТБ | 374458 | 246353,95 |
| "Сарыарқа" БК | 18273 | 12021,71 |
| "Тұранагро" фирмасы | 40287 | 26504,61 |
| Жиыны: | 7179733 | 4723508,56 |

2. "Мерхав" Израиль фирмасы (АҚШ доллары)

| | | |
|---|---|---|
| "Жеміс" РӨБ | 5860000 | 5860000 |

3. Австрия кредит желісі (австрия шиллингі)

| | | |
|---|---|---|
| "Рахат" БК | 9508924,96 | 871578,82 |
| "Рахат" БК (АҚШ долларымен) | 378806,81 | 378806,81 |
| Жиыны: | | 1250385,63 |
| "Балхашмедь" ӨБ | 249750,01 | 22891,84 |
| Жиыны: | | 1273277,47 |

II-бөлім бойынша барлығы: 11856786,03

1 және II-бөлімдер бойынша барлығы: 25010848,43

III-бөлім. Қазақстан Әлем Банкі кредиттеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің берген кепілдіктері бойынша төлемдер

| | | |
|---|---|---|
| "Рахат" БК-ның жобасы бойынша қонақүй салу кезеңінде кредит және сақтандыру жарнасы үшін міндетті төлемдер (неміс маркасы) | 15000000 | 9868421,05 |
| "Қазақстан" СЭҚ (UBS) | 7152253 | 7152253 |

III-бөлім бойынша барлығы: 17020674,05

IV-бөлім. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Қайта жаңарту және Дамыту Банкі алдындағы мүшелік жөніндегі ережеге сәйкес міндеттемелері бойынша төлемдер

Дүниежүзілік Қайта жаңарту және Дамыту Банкінің акцияларына қол қою (қол қою мерзімі - 1993 жылғы

тамыз) 474096 4740960

I, II, III және IV- бөлімдер бойынша барлығы: 42505618,48

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК